

**ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ. ПӘНІ, МАЗМҰНЫ,  
МІНДЕТТЕРІ, ӘДІСТЕРІ. ЕҢБЕК  
ГИГИЕНАСЫ МАМАНЫ ЖҰМЫСЫН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ.  
ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ  
АҒЫМДЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛІ  
САНИТАРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

# Жоспары

- 1. Еңбек гигиенасы туралы жалпы түсінік**
- 2. Гигиена ғылымының даму кезендері**
- 3. Гигиена ғылымының Қазақстандағы даму кезендері.**
- 4. Кәсіптік зияндылықтар**
- 5. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары және Санитарлық дәрігердің жұмысына қажетті негізгі құжаттар.**
- 6. Еңбек қорғау дәрігерлерінің жұмыс істеу формасы**
- 7. Еңбек қауіпсіздігі жүйесінің стандарттары (ЕҚЖС).**
- 8. Еңбек гигиенасындағы дәрігер жұмысының нормалары және әдістері**
- 9. Алдын ала ескертуші санитарлық қадағалау**
- 10. Ағымдағы санитарлық қадағалау**

# Еңбек гигиенасы туралы жалпы түсінік

Еңбек гигиенасының ағымдағы міндеті, халық шаруашылығының өркендеп даму бағытына қарай, еңбек ету жағдайын және сауықтыруды, сонымен бірге кәсіби аурушаңдықты жою және мүмкіндігінше төмендету. Еңбек гигиенасы мынандай мәселелерді: гигиеналық нормативтер; санитарлық ереже жағдайына қарай өндірісті қалыпты ұстау; еңбек үрдісін тиімді етіп жұмыс орындарын сақтау және еңбек режимі мен демалысын дұрыс ұйымдастыру. Практикалық іс әрекеттің мәні - санитарлық гигиеналық бақылау, құрылған және жобаланған өндірістік нысандарды, ауыл шаруашылығын т.б. құрылымдарды, еңбек гигиенасын санитарлық қадағалау. Өндірістік ортаның нормалық факторларына экспериментті зерттеулер жүргізеді, ол үшін электрофизиологиялық, токсикологиялық, гематологиялық, эмбриологиялық және т.б. әдістерді пайдаланады. Еңбек гигиенасы көптеген ғылым (биохимия, биофизика, патофизиология, нефрология, дерматология, оториноларингология т.б.) салаларымен тығыз байланысты.

***Еңбек гигиенасы, кәсіби гигиена***- еңбек процестерінің және айналадағы өндірістік ортаның адам организміне тигізетін әсерін зерттейтін, еңбек етуге қолайлы жағдай туғызу, кәсіби ауруларға жол бермеу шаралары мен гигиеналық нормативтер іздестіретін ғылым, гигиена саласы.

### ***Негізгі міндеті:***

- Адам организміне әсер ететін қолайсыз еңбек жағдайларының алдын алу шараларын өңдеу;
- Еңбекті қорғау мәселелерін шешу, нормативтер іздеу;
- Кәсіби ауруларды уақытында анықтау, науқастарды медициналық тұрғыдан сауықтырып, еңбекке жарамды ету.
- Жаңа технологиялық процестер мен жабдықтарды , аспап құралдарды технологиялық тұрғыдан бағалау.
- Салынып жатқан, салынатын өнеркәсіп орындарына санитарлық сақтық, күнделікті қадағалау жүргізу.

Еңбек гигиенасы екі бөлімге бөлінеді: *жалпы* және *жеке* еңбек гигиенасы.

- ❖ *Жалпы еңбек гигиенасы* өндірістің барлық саласына тән физикалық факторлардың, шаңның, токсикалық заттардың әсер ету зияндылықтарын зерттейді.
- ❖ *Жеке еңбек гигиенасы* ТМД да жақсы дамуда. Ауыл шаруашылығының жеке салаларындағы еңбек жағдайын, жеке мамандықтардың еңбек гигиенасын, еңбек сипаты, зияндылықтар, шаң, шу, химиялық заттар, еңбек тәртібі және т.б. зерттейді. Жеке еңбек гигиенасының міндеті кәсіптік зияндылықтардың денсаулыққа және жұмыс қабілеттілігіне кешенді әсерін зерттеу және оларды болдырмау шараларының жүйесін құрастыру.

# Гигиена ғылымының даму кезендері

Еңбек гигиенасының өзіндік бай тарихы бар, оның даму кезеңіне еңбек сіңірген көптеген ғалымдар, тәжірибелі оқымыстылар баршылық. Кәсіптік аурушандық жөніндегі бірінші мәліметтер ерте уақыттардан шұғылданған ғалымдар тізімі, Греция мен Римнен - Гиппократ, Плиний, Галеннен басталады.

Еңбек гигиенасының дамуына зор үлес қосқан ғалым Москва университетінің профессоры Ф.Ф.Эрисман (1872-1915), 1877 жылы «Кәсіби гигиена немесе ой, дене еңбегінің гигиенасы» атты кітабы, еңбек гигиенасына жетекшілік оқу құралы ретінде шыққан соңғы еңбек.

Өндірістік токсикологияның дамуы,оны қалпына келтіруге үлкен үлес қосқан ғалымдар Н.С.Правдин,Н.В.Лазарев.

Н.В.Лазарев (1895-1974) - өз зерттеулерінде токсикалық заттардың физикалық, химиялық қасиеттеріне көп көңіл бөліп,зерттеп теориялық, экспериментальды түрде дәлелдеп «Өндірістегі зиянды заттар» атты анықтаманы жазған ғалым.

Еңбек гигиенасы ғылымына зор үлес қосқан ғалымдар Д.П.Никольский (1855-1918), Г.В.Хлопин (1863-1929), В.А.Ливитский (1867-1936). Осы ғалымдардың күрделі экспериментальдык зерттеулері, еңбек физиологиясы, өндірістік улардың организмге әсері еңбек гигиенасындағы кәсіби аурушандықтың өндірістік, химиялық, тау кен жұмыстарында болатынын, оның зияны туралы көптеген мәліметтер берді.

Н.С.Правдин (1882-1854) алғаш өндірістік уларды жіктеп, классификация жасаған, химиялық, токсикалық заттарға өндірістік белгілері бойынша баға беріп концентрациялық табалдырығын жасаған.

В.А. Ливитскийдің (1901) еңбек жағдайында қалдық өндірісінде көпшіліктің сынаптан улануы және одан сақтандыру, сынаптың зияндылығын кеміту туралы жазған. Көптеген ғылыми ізденістер, кейінгі кезде конвекциялық жылулар мен радийден организмнің сәулеленуі болатынын, оның кәсіби обыр тудыратыны туралы келелі мәселе қозғаған.



Кеңес республикасының құрамында болған мемлекеттердегі ғылымды өркендетуге көптеген орыс ғалымдары үлкен үлес қосты. Олар: КСРО Медицина ғылым академиясының (МҒА) академик Н.Ф. Измеров, Ресей МҒА мүше-корреспонденті, профессор К.П. Молоканов, профессорлар П.П.Движков, А.П.Долгов, Ресей МҒА - академигі В.К.Навроцкий, профессор С.В.Алексеев т.б.

Академик Н.Ф.Измеров көптеген әлеуметтік, гигиеналық және басқада зерттеулері, қазіргі кездегі еңбек гигиенасының дамуына зор үлес қосқан ғалым. «Еңбек гигиенасы және профпатологияның ғылыми негізі» деп аталатын проблеманың негізін қалаушы .

# Гигиена ғылымының Қазақстандағы даму кезеңдері.

- XIX ғасырдың аяғында және жүзжылдықтың басында Қазақстан, Ресей университеттерінде жоғары медициналық білім алған, біріншіі қазақ дәрігерлері пайда болды. Олардың арасында Садуақас Шалымбеков, Нурғали Ипмағамбетов, Әбубәкір Алдияров, Мұхамеджан Қарабаев, Халел Досмухамедов, Мәжит Чумбалов, Әміре Айтбакин, Санжар Асфендияров, Есенғали Қасаболатов және басқалар болды.
- Қазақстан аумағында денсаулық сақтау және санитарлық – эпидемиологиялық қызметті құру Қазан төңкерісінен кейін басталды.

- Институт зерттеп келе жатқан еңбек гигиенасы мен кәсіптік патология мәселелерін шешуге көрнекті ғалымдар көп жылдар бойына Өлкелік патология ҒЗИ-ң профессоры Б.А. Атшабаров, профессорлар А.А.Лукашев, К.К. Макашев, А.Т.Алданазаров, В.З.Хамитова, М. К.Қайрақбаев, Г.И.Белос-курская, В.Л..Резник, В.А.Козловский, Е.Ж.Жаркынов, медицина ғылымдарының кандидаттары М.Т. Бердыходжин, Б.Г.Фейгин, Г.Д. Лях және басқалар үлкен үлес қосты.

- К.К.Макашевтың «Техникалық прогресс және қорғасын өндірісіндегі еңбек физиологиясының мәселелері»,
- Г.И. Белоскурскаяның авторлармен жазған «Шаң әсерінен пайда болатын пневмокониоздар және созылмалы бронхиттер»,
- В.А.Козловский, А.А.Лукашев, А.Г.Дардик, А.Г. Павловскийдің «Фосфорлы тыңайтқыштар өндірісіндегі жабдықтарды гигиеналық бағалау»,
- Т.Ш.Шармановтың, А.А.Мамырбаевтың «Фосфор, фтор және олардың бейорганикалық қосылыстарының токсикологиясы»,
- Қ.Қ.Тоғызбаеваның «Қарағанды көмір бассейндегі шаңнан болатын пневмокониоздың алдын алу және оның медициналық ерекшелігі» деп аталатын еңбектерінде көрсетілді

# Кәсіптік зияндылықтар туралы түсінік

Еңбек сипаты және кәсіптік зияндылықтар бұл жұмыс қабілеттілігінің төмендеуіне, жедел және созылмалы аурулар мен улануларға алып келетін, еңбек қабілеттілігін уақытша жоғалту ауруларының өсуі және басқа да жағымсыз әсерлер, соның ішінде тұқым қуалау құрылымына, организмнің қартаю процесіне әкелетін еңбекті ұйымдастырудағы қолайсыз факторлар.

## **Өндірістегі еңбек жағдайының өндірістік факторлар жиынтығы:**

- Химиялық, физикалық, биологиялық;
- Өндірістік процестер мен жабдықтардың ерекшеліктері;
- Еңбек сипаты және ұйымдастырылуы;
- Жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- Санитарлы техникалық қондырғылардың және жеке басты қорғау заттарының гигиеналық тиімділігі және жағдайы;
- Ұжымдағы психологиялық климат
- Физикалық жүктемелер, гипокинезия, нервті психикалық жүктемелер.

## Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары және Санитарлық дәрігердің жұмысына қажетті негізгі құжаттар.

**Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері келесі функцияларды атқарады:**

- **Бақылау функциясы** - санитарлық-эпидемиологиялық қызмет барлық өздерінен төменде тұрған санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің жұмысын, сол СЭС-ға қарасты объектілерде санитарлық нормалардың сақталуын бақылауы тиіс. Мысалы, Республикалық СЭС – облыстық, қалалық, аудандық СЭС-ды бақылайды, яғни сол СЭС-ң жұмысын жоспарлауы, жұмысының тиімділігі, есеп-қисап жұмысы т.б. жұмыстарын бақылайды.

- **Оперативті реттеу функциясы** – бақыланатын объектілердегі гигиеналық жағдайды оперативті қадағалау және кезеңдік бағалауды ұсынады. Оған еңбек жағдайын, аурушылдық деңгейіне талдау жүргізу, медициналық қызмет көрсету саласын қадағалау жатады.
- **Ұйымдастырушылық функциясы** – өндірістің басшылығына еңбек жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар мен шараларды жүзеге асыруда көмек беру.
- **Насихаттау функциясы** – салауатты өмір салтын үгіттеу, жұмысшыларды гигиеналық тәрбиелеу, халықты санитарлық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

ҚР ДМ бұйрығымен этиологиялық принцип негізделген кәсіптік аурулардың классификациясы бекітілген. Барлық кәсіптік аурулар 7 класқа бөлінген.

- **1 класс.** Химиялық факторлардың әсерінен шақырылатын аурулар.
- **2 класс.** Өнеркәсіптік аэрозолдардың әсерінен шақырылатын аурулар, соның ішінде фиброгенді әсерлі.
- **3 класс.** Физикалық факторлардың әсерінен шақырылатын аурулар.



- **4 класс.** Жеке мүшелер мен жүйелердің физикалық жүктенуі мен күштенуімен байланысты аурулар.
- **5 класс.** Биологиялық факторлардың әсерінен шақырылатын аурулар (жұқпалы және паразитарлы).
- **6 класс.** Аллергиялық аурулар.
- **7 класс.** Жаңа түзілістер.

# Санитарлық дәрігердің жұмысына қажетті негізгі құжаттар.

## Еңбекті қорғау және гигиена саласының жұмысын регламенттеуде заңдылықтың 8 деңгейі бар.

- 1 –жоғарғы деңгей – Мемлекеттің жоғарғы органы ҚР-ның Парламенті қабылдаған біздің елдің заңдары (ҚР Конституциясы, Еңбек туралы заңы, ҚР Халықтың денсаулығын қорғау заңы,
- 2 деңгей – ҚР Министрлер кабинетінің және Парламенттің шешімдері.
- 3 деңгей - ҚР Министрлер кабинетінің ғана шешімдері.

- **4 деңгей** – Құрылыс нормалары мен ережелері (СНиП), санитарлық нормалар (СН), құрылыс бойынша Мемлекеттік Комитет бекіткен нормативтік құжаттар.
- **5 деңгей** – ҚР Мемлекеттік стандарттар комитетінің құжаттары.
- **6 деңгей** – ҚР ДМ және т.б. ведомстволар бекіткен ведомствоаралық заңдылық құжаттар.
- **7 деңгей** – ведомстволық құжаттар (ҚР ДМ бұйрықтары).
- **8 деңгей** – Халықаралық конвенциялар, келісімдер, декларациялар, ережелер.

# Еңбек қорғау дәргерлерінің жұмыс істеу формасы

Еңбекшілердің еңбекке және демалысқа, әлеуметтік сақтандыруға, тегін медициналық көмекке, еңбек пен денсаулықты қорғауға құқықтары ҚР Конституциясында бекітілген. Денсаулықты қорғауға деген құқық, тегін білікті медициналық көмектен өзге, «қауіпсіздік техникасын және өндірістік санитарияны дамытумен және жетілдірумен: кең ауқымды профилактикалық шаралар өткізумен; қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралармен; оқумен және еңбекке баулуымен байланысты емес балалар еңбегіне тыйым салуды қоса отырып, өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығы туралы ерекше қамқорлықпен; ауруға шалдығудың алдын алуға және оны төмендетуге, азаматтардың белсенді өмірін қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми зерттеулерді өрістетумен қамтамасыз етіледі».

Н. Ф. Измеров және Ю. Г. Широков «Халықаралық еңбек ұйымы Энциклопедиясында» жылы атап көрсеткеніндей, іс-тәжірибеде өндірісте еңбек жағдайларын сауықтыру жөніндегі іс-әрекетті реттеп отыратын ресми құжаттардың үш тобы:

- ✓ 1-ші топқа өндірістің барлық салаларына қатысты бар республикалық нормативтік құжаттар: санитарлық нормалар, ережелер, Шектеулі-жол берілетін концентрациялар, Шектеулі-жол берілетін деңгейлер, **ҚДӘШ (ОБУВ)** және т.б., сондай-ақ құрылыс нормаларында және ережелерінде, ЕҚЖС стандарттарында және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің негіз қалаушы құжаттарында бар (мысалға, жұмысқа тұрған кездегі алдын ала және мерзімді медициналық тексерулер туралы) және кейбір өзге директивалық құжаттарда бар заңдық талаптар жатады.

- ✓ 2-ші топты өндірістің жекелеген салаларына арналған санитарлық ережелер мен стандарттар құрайды
- ✓ 3-ші топқа белгілі бір мәселелер бойынша ғылыми зерделеулердің нәтижесі болып табылатын және құрамында еңбек жағдайларын сауықтыру бойынша нақтылы талаптар мен ұсыныстар бар, сан көптеген және өзінің мазмұны бойынша әр алуан нормативтік-әдістемелік құжаттар жатады.

- Республикалық заңдық құжаттармен қатар, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында еңбекті қорғау және гигиена бойынша 1200 астам ведомстволық нормалар, талаптар, ережелер қолданылады.
- Еңбекті қорғау жөніндегі салалық ережелерді және нормаларды салалық кәсіподақтардың орталық комитеттерімен бірлесе (немесе келісе) отырып, тиісті министрліктер (ведомстволар) мен мемлекеттік қадағалау ұйымдары (Мемлекеттік тау-кен – техникалық қадағалау) бекітеді. Бұл құжаттар белгіленген ретпен санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен келісіледі.

# Құрылыс нормалары мен

**ережелері (ҚНЖЕ)** қалалар мен елді мекендерді, кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылғыларды және инженерлік жабдықты жобалауға және тұрғызуға, олардың сметалық құнын анықтауға негізгі талаптарды белгілейді.

## ҚНЖЕ төрт бөлімнен тұрады:

- I –жалпы ережелер;
- II –жобалау нормалары;
- III –жұмыстарды жасау және қабылдау ережелері;
- IV – сметалық нормалар мен ережелер.

Әр бөлім осылар өз бетінше басылып шығарылатын жекелеген тарауларға бөлінеді.



## Еңбек гигиенасы жөніндегі санитарлық дәрігерлер Құрылыс нормалары және ережелерінің келесі тарауларын бәрінен де кеңінен қолданады:

- «Өнеркәсіп кәсіпорындарының бас жоспарлары»;
- «Өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік ғимараттары»;
- «Табиғи және жасанды жарықтандыру»;
- «Ауаны жылыту, вентиляциялау және кондиционерлеу»,
- «Шудан қорғау»;
- «Әкімшілік ғимараттар мен бөлмелер»;
- «Ауылшаруашылық кәсіпорындарының бас жоспарлары»;
- «Құрылыс салып біткен кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды пайдалануға қабылдау»,
- «Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды тұрғызуға жобалау-смета құжаттарының құрамы, оларды жасап шығару, келісу және бекіту реті туралы нұсқау» .

# Еңбек қауіпсіздігі жүйесінің стандарттары (ЕҚЖС).

Осы стандарттар жүйесінің міндеті жобалаушылар үшін орындауға міндетті болатын, өндірістік жабдықтарға, өндірістік үрдістерге қауіпсіздіктің жалпы талаптарын, жұмыс істеушілерді қорғау құралдарына талаптарды, қауіпсіздікті бағалау әдістерін белгілеу болып табылады. Өлшеу әдістеріне қойылатын талаптарды, қауіпті және зиянды қасиеттерге ие заттармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік талаптарын белгілейтін стандарттар бар.

- ✓ «Жұмыс аймағының ауасы. Жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар»,
- ✓ «Зиянды заттар. Классификациясы және қауіпсіздіктің жалпы талаптары»,
- ✓ «Биологиялық қауіпсіздік. Жалпы талаптар»;
- ✓ «Діріл. Жалпы қауіпсіздік талаптары»;
- ✓ «Шу. Жалпы қауіпсіздік талаптары» және т.б.

- Басқа стандарттардың орындалуына секілді, Еңбек қауіпсіздігі жүйесінің стандарттарының талаптарының орындалуына бақылау жасалуын ҚР Мемлекеттік стандарт комитеті қамтамасыз етеді. Еңбек қауіпсіздігі жүйесінің стандарттарының Мемлекеттік стандарттары салааралық сипатқа ие, олардың талаптарының орындалмауы заңмен қудаланады. Мемлекеттік стандарттар оқтын-оқтын қайта қарастырылуға және дәлдеп отырылуға тиіс (әр 5 жыл сайын).

# Еңбек гигиенасындағы дәрігер жұмысының нормалары және әдістері

Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында профилактикалық жұмысты ұйымдастырушы болып, өзінің жұмысын басты міндетке – кәсіби ауруларды ескертуге және жалпы ауруға шалдығу деңгейін төмендетуге бағындыруға тиіс. Осы міндетті шешу үшін оның әкімшілік-қоғамдық жұмыспен байланысты біліктілігі мен ептіліктерінің жеткілікті деңгейі болуға тиіс. Оның іс-әрекеті қызметтік міндеттермен анықталады және сауықтыру шараларын жасап шығару және іске асыру осыларға байланысты болып келетін лауазымды тұлғалардың шеңберімен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

- Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер қоғам алдындағы еңбекшілердің денсаулығын қорғау үшін өзінің кәсіптік, моральдық, азаматтық, ал тиісті жағдаяттар орын алған кезде қылмыстық да жауапкершілігінің шамасын анық түсінуге міндетті.
- Дәрігерлердің жүріс-тұрысының, қылығының моральдық-этикалық нормалары саналылықты, белсенді өмірлік позицияны, ізгілікті, алып отырған қызметіне кәсіптік сәйкестікті көздейді. Бұл нормалар қазіргі заңдарға арқа сүйейді, бұл олардың мүлтіксіз орындалуына кепілдік береді.

- Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер өзінің жұмысын республикалық денсаулық сақтаудың негізгі қағидаларына сүйене отырып құруға тиіс. Бұл қағидалар: мемлекеттік сипат, профилактикалық бағытталғандық, жоспарлылық, ғылымилық, жұмыстағы сабақтастық болып табылады.
- Санитарлық қызметтің мемлекеттік сипаты заңмен анықталған және мемлекеттік санитарлық қадағалаудың мәнісінен келіп шығады. Санитарлық қызмет мекемелері өздері бақылап отырған нысандардан тәуелсіз болып табылады.
- Біздің елімізде мемлекеттік санитарлық қадағалауды санитарлық қызмет іске асырып отырады, бұл қызметтің негізін аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық станциялар құрайды.

- Барлық категориялардағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтегі еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігерлердің саны өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлікте жұмыспен қамтылған 14 мың жұмысшылар мен қызметкерлерге 1 қызмет орны есебімен; санитарлық дәрігердің көмекшілерінің саны - 7 мың жұмысшылар мен қызметкерлерге 1 қызмет орны есебімен анықталады.
- Еңбек гигиенасы бөліміне қызмет көрсететін зертханалардың (лабораториялардың) штаттары әр 30 мың жұмысшылар мен қызметкерлерге жоғары білімі бар 1 лаборантты және 10-15 мың жұмысшылар мен қызметкерлерге орта білімі бар 1 лаборантты қосады. Ірі санитарлық-эпидемиологиялық станциялар инженерлік кадрлармен жинақталған.



Мемлекеттік санитарлық қадағалау туралы Ережесіне сәйкес, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарына және мекемелеріне, оның ішінде еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігерлерге де келесі функциялар белгіленген:

□ **Бақылау функциялары.** Бұл функция санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің барлық мекемелеріне тән және заңмен берілген құқықтарға сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау функциясы ескертуші және ағымдағы санитарлық қадағалау түрінде іске асырылады.

- **Шұғыл (оперативті) реттеу функциясы.**

Нысанада дәрігер орындайтын жұмыстардың барлық түрлері – жұмысшылардың жекелеген контингенттерінің еңбегінің сипатын және жағдайларын зерттеу, ауруға шалдығушылықты, медициналық қызмет көрсету сапасын және т.с. таңдау, талдануға тиіс.

□ **Ұйымдық функция.** Дәрігер ұйымдарға, тиісті министрлікке немесе ведомствоға, сол бағыттағы ҒЗИ-на және жобалау ұйымдарына жүгіне алады. Дәрігер кәсіпорынды әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарының «Еңбек жағдайлары» тарауын құрастыруға көмек көрсетуге, жұртшылықты еңбек жағдайларының сауығуына жәрдем беруге жұмылдыруға белсене қатысып отыруға тиіс.

□ **Насихаттау функциясы.** Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарушы құжаттармен, сондай-ақ ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысымен санитарлық қызмет мекемелерінің салауатты өмір салтын насихаттауды жүзеге асыру, жұмысшыларды гигиеналық оқытуды, халықты санитарлық тәрбиелеуді жүргізу міндеті қарастырылған. Бұл жерде барлық амал-тәсілдерді, құралдарды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын да пайдалану қажет.

Техника мен технологияны ілгерілемелі дамыту, жаңа материалдарды қолдану міндеттері, түптеп келгенде, өндірістің жаңа салаларын құру жөніндегі міндеттер жобалау және енгізу сатыларында оларды біліктілікпен гигиеналық сараптауды жүргізе білуді, сауықтандыру және қорғаныс шараларын дер кезінде жасап шығаруды, жұмысшылардың ауруға шалдыққыштық деңгейінің динамикалы ізін бағуды талап етеді. Бұл жұмыста ғылыми баптың қолданылуына және сабақтастықтың болуына алып келеді.

Ескертуші Еңбек гигиенасы жөніндегі санитарлық дәрігердің жұмысының және іс-әрекет бағыттарының алуан түрлілігіне қарамастан, бұл істе негізгі тарауларды айырып тану қабылданған:

1) ескертуші санитарлық қадағалауды;

2) ағымдағы санитарлық қадағалауды;

3) санитарлық-ағартушылық жұмысты айырып тану қабылданған.

# Алдын ала ескертуші санитарлық қадағалау

Алдын ала ескертуші санитарлық қадағалау еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігердің іс-әрекетінің аса маңызды бөлімі болып табылады, ол профилактикалық жұмыстың жоғарғы және ең тиімді түрі болып келеді.

Ескертуші санитарлық қадағалаудың құқықтық және ұйымдық мәселелері «Кәсіпорындарды жобалауға және тұрғызуға гигиеналық талаптар» тарауында қарастырылған санитарлық қадағалау жөніндегі іс-әрекеттің мазмұны ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген «КСРО-дағы мемлекеттік санитарлық қадағалау туралы ережемен және Денсаулық сақтау министрлігінің «Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының және мекемелерінің нормативтік-техникалық құжаттардың жобаларын қарастыру және келісу тәртібі туралы» бұйрығымен анықталған.

Осы негіз қалаушы құжаттарды басшылыққа ала отырып, ескертуші санитарлық қадағалаудың бірқатар негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

- тұрғызылып жатқан және қайта құрастырылып жатқан нысандар үшін жер телімін таңдап алу сатысында (жобалау алдындағы жете зерделеулер);
- жобалау сатысында – жаңадан тұрғызылып жатқан және қайта құрастырылып жатқан нысандардың жобаларын келісу және таңдамалы түрде қарастырып шығу;
- нысандарды тұрғызу және қайта құрастыру сатысында;
- нысандарды пайдалануға енгізу сатысында.



Ескертуші санитарлық қадағалау жұмыс істеушілердің денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін жаңа технологиялық процестердің, жабдықтардың, аспаптардың, құрал-саймандардың, химиялық заттардың енгізілуіне қарай жүзеге асырылады.

Ескертуші санитарлық қадағалау сондай-ақ әр алуан техникалық құжаттар (жобалаудың технологиялық нормалары, шикізаттың жаңа түрлеріне, өнеркәсіп бұйымдарына, құрылыс материалдарына және т.б. стандарттар мен техникалық шарттар).

# Ағымдағы санитарлық қадағалау

**Ағымдағы санитарлық қадағалаудың мақсаты - өнеркәсіп кәсіпорындарының және ауылшаруашылық нысандарының санитарлық ұсталуына, еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайларына, аталған кәсіпорындарда және нысандарда еңбекті санитарлық қорғау жөніндегі қолданыстағы санитарлық заңдардың, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелердің тұрақты сақталуына үнемі жүйелі бақылау жасау болып табылады. Осы жұмыстың негізіне Денсаулық сақтау министрінің «Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің еңбек гигиенасы тарауы бойынша жұмысы туралы» нұсқау жасалынған.**

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда ағымдағы санитарлық қадағалау тәртібімен еңбек жағдайларын жоспарлы сауықтыру жүргізіліп отырады. Осы мақсатта бақыланып отырған нысандағы еңбектің гигиеналық жағдайларын тереңдете зерттеу жүргізіледі, жұмысшылардың денсаулық күйлері және оған өндірістік ортаның жетекші факторларының әсері бағаланады. Аурушаңдықты бағалауға ерекше назар аударылады.

Алынған материалдардың негізінде санитарлық дәрігер завод дәрігерлерінің және кәсіподақ ұйымының қатысуымен аталған нысанда еңбек жағдайларын түбегейлі сауықтандыру үшін қажетті ең маңызды шараларды белгілейді. Бұл шаралар олардың маңыздылығына, еңбек сыйымдылығына және материалдық құнына байланысты кәсіпорынның, ұйымның, шаруашылықтың алдағы жылға ұжымдық шартына немесе әлеуметтік және экономикалық дамуының келешек жоспарына, сондай-ақ салалық және аумақтық бағдарламаларға енгізіледі.

Ағымдағы санитарлық қадағалау тәртібімен еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер зиянды өндірістерде жұмыс істейтіндерді алдын ала және мерзімді медициналық тексерулерді ұйымдастыруға қатысады және олардың дер кезінде және дұрыс өткізілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады. Санитарлық дәрігер кәсіпорындардағы әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек жағдайларына бақылау жасауды және өндірісте жұмыс істеп жүрген жасөспірімдерді медициналық тексерудің жүргізілуіне және қолданыстағы заңдардың орындалуына бақылау жасауды іске асырады.

**Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігердің міндетіне:** эпидемиологпен бірлесе отырып жұмысшылардың арасында жұқпалы аурулардың пайда болуымен байланысты нысандарды тексеріп қарау және осы ауруларды жою және алдын ала ескерту жөнінде қажетті шараларды жасап шығару кіреді.

**Ағымдағы санитарлық қадағалау өзіне :**

- нысандарды маусымдық жағдайларда жұмыс істеуге дайындауды
- санитарлық-техникалық минимум бойынша сабақтар ұйымдастыруды
- профилактикалық жұмыстың басқа да түрлерін қосады.

- ❑ Қажет болған кезде еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер тексеруді басқа салалық мамандармен және санитарлық-эпидемиологиялық станцияның зертхана қызметкерлерімен бірлесе жүргізеді, сондай-ақ олармен бұлардың құзыреттілігі мәселелері бойынша кеңеседі, сонымен қатар санитарлық тексеруге қатысуға кәсіподақ ұйымдарын, жоғарырақ тұрған шаруашылық ұйымдарын және мекемелерін (өнеркәсіп бірлестіктерін, компанияларды, басқармаларды) тартады.
- ❑ Санитарлық дәрігер санитарлық тексеруге қатысуға міндетті түрде шаруашылық ұйымының нысанының басшысы тағайындайтын өкілін, сонымен қатар зерттеліп отырған нысанның қауіпсіздік техникасын және өнеркәсіп санитарлық бөлімдер үшін жауапты тұлғаны тартады.

Ағымдағы санитарлық қадағалау жөніндегі өзінің жұмысында, санитарлық дәрігер: кәсіпорындардың медициналық-санитарлық бөлімдеріне және денсаулық сақтау пункттеріне арқа сүйейді.

**Медициналық-санитарлық бөлімдер (МСБ)** жұмысшыларының саны 4000 адам және одан көп ірі кәсіпорындарда, жұмысшыларының саны 2000 адам және одан көп химия, көмір, мұнай өңдеу өнеркәсіптерінің кәсіпорындарында ұйымдастырылады.



Ережеге сәйкес, МСБ кәсіпорын:  
жұмысшыларына және қызметкерлеріне  
білікті және мамандандырылған емдеу-  
профилактикалық көмекті жүзеге асырады

- жұмысқа тұрған кездегі алдын ала,  
мерзімді және мақсатты медициналық  
тексерулерді
- жұмысшыларды диспансерлеуді жүзеге  
асырады
- санитарлық-сауықтандыру шараларының  
кешенді жоспарын жасауға қатысады
- эпидемияға қарсы жұмыс жүргізеді

- Медициналық-санитарлық бөлімнің жұмысшыларға және қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуі цехтық принцип бойынша іске асырылады, дәрігер-терапевт (цехтық дәрігер) 2000 жуық жұмысшыға қызмет көрсетеді.
- Жұмысшыларының саны 1000 адам және одан көп болатын өнеркәсіп кәсіпорындарында дәрігерлік денсаулық пункттері, ал жұмысшыларының саны 1000 дейін болатын кәсіпорындарда – фельдшерлік денсаулық пункттері ұйымдастырылады.

- Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігерлер жұмысшыларға қызмет көрсететін емдеу-профилактика мекемелерінің іс-әрекетіне бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ оларға кеңестік және ұйымдық көмек көрсетеді.
- **Санитарлық қызметтен өзге:** кәсіпорын әкімшілігінің еңбек туралы заңдарды сақтауына, еңбек жағдайларын жақсартудың кешенді жоспарларын орындауына, жұмыс қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалауды, өнеркәсіп нысандарын жобалау, тұрғызу және пайдалануға беру кезіндегі бақылауды техникалық және құқықтық инспекциялар арқылы кәсіподақтар жүргізеді.

## **Кәсіподақ комитеттері:**

✓ еңбек заңдарының, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария жөніндегі ережелер мен нормалардың сақталуына

✓ еңбек қорғау жөніндегі ұжымдық шартпен және келісіммен қарастырылған, еңбек жағдайларын қорғау және сауықтыру жөніндегі шаралардың орындалуына жұмысшы активі

✓ еңбек қорғау жөніндегі комиссиялар, еңбек қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлар, сақтандыру делегаттары, кәсіподақтардың топ ұйымдастырушылары арқылы қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

Кәсіподақ органдарымен тығыз қатынас еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер жұмысының тиімділігінің артуына ықпал етеді.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының еңбек жағдайларын тұрақты бақылауды жүзеге асыруда үлкен көмекті санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын өнеркәсіптік-санитарлық зертханалар, сонымен қатар кәсіпорындарда құрылатын ведомстволық зертханалар беріп отырады. Осы зертханаларға ұйымдық-әдістемелік басшылықты еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер іске асырады, ол зертхана алған мәліметтерді үнемі талдап отырады және оларды еңбек жағдайларын сауықтандыру жөніндегі жұмыста пайдаланады.

- Соңғы кездері облыстық, қалалық және ірі ауылдық аудандарың негізінде орталықтандырылған мамандандырылған зертханалар құрылған.
- **Мәселен**, бұлар да еңбек жағдайларын сауықтандыруда нақтылы көмек көрсетуге қабілетті токсикологиялық, радиологиялық, зертханалар, зерттеудің физикалық-химиялық әдістерінің зертханалары, улы химикаттардың қалдық мөлшерлерін анықтау жөніндегі, электромагниттік өрістерді, шуды және дірілді, еңбек физиологиясын бақылау жөніндегі зертханалар құрылған.

*Еңбек етудің зиянды жағдайлары бар жұмыстарда істейтін қызметкерлерге ҚР Мемлекеттік еңбек комитетінің қаулысымен бекітілген «Осыларда жұмыс істеу қосымша демалысқа және қысқартылған жұмыс күніне құқық беретін, еңбектің зиянды жағдайлары бар өндірістердің, цехтардың, кәсіптердің және қызметтердің тізіміне» сәйкес ұзақтығы 4 сағаттан 6 сағатқа дейін қысқартылған жұмыс күні белгіленеді. Қосымша демалыс 6 күннен 36 күнге дейін қарастырылады. Жыл сайынғы демалыстар 15 жұмыс күнінен кем болмауға тиіс*

**Еңбектің ерекше зиянды жағдайлары бар жұмыстарда жұмысшылар мен қызметкерлерге белгіленген нормалар бойынша емдік-профилактикалық тамақ тегін беріледі. Емдік-профилактикалық тамақ алуға құқық беретін өндірістердің, кәсіптердің және қызметтердің тізімі, осындай тамақтың рационы және оны беру ережелері ҚР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитетінің , ҚР Министрлер Кабинетімен келісе отырып, қаулыны бекітеді.**



# Санитарлық-ағартушылық жұмыс

Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігердің нақты міндеті : санитарлық-ағартушылық жұмыс болып табылады. Жұмыс істеушілердің арасында гигиеналық білімдерді насихаттау, салауатты өмір салтын насихаттау – жалпы және кәсіби аурушандықтың профилактикасының қуатты құралы. Еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер санитарлық-ағартушылық жұмысты өзі жүргізіп қана қоймай, осы мақсатта медициналық-санитарлық бөлімдердің, денсаулық сақтау пункттерінің немесе ауылдық дәрігерлік учаскелердің дәрігерлерін де ұйымдастырады. Әдістемелік тұрғыдан алғанда еңбек гигиенасы жөніндегі дәрігер қажетті әдістемелік және көрнекі материалы бар, аумақтық деңгейдегі санитарлық ағарту үйлеріне арқа сүйейді.

Кәсіпорын әкімшілігімен және ұйымдармен, санитарлық заңдылықтарда, санитарлық нормалармен ережелерде және басқа да жұмысшылардың еңбек гигиенасы мәселелері бойынша нормативтік құжаттарда (НҚ) келтірілген талаптардың орындалынуына бақылау жасауда келесі бағыттар қарастырылады:

- нысанның құрылымы мен жағдайының санитарлық талаптарға сәйкестігі;
- әрбір жұмыс орнында қолайлы еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша технологиялық үрдістер мен жабдықтардың нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес келуі;
- нысандардың ауданын және бөлмелерін пайдалануда тазалық сақтау, қауіптілігі I-II класқа жататын заттарды, улы химикаттарды, минералды тыңайтқыштарды және басқа оларға тең заттарды сақтау, қолдану, тасымалдауда санитарлық ережелердің орындалуы;

- өндірістік ортаның физикалық, химиялық, физиологиялық және басқа факторларының өлшемдерінің әрбір жұмыс орнында қолайлы немесе рұқсат етілген нормативтерге сәйкес келуі;
- әйелдерге, жасөспірімдерге, зейнеткерлік жастағы адамдарға, мүгедектерге және жұмысшылардың басқа да топтарына қолайлы еңбек ету жағдайларын қамтамасыз ету;
- жұмысшыларды ұжымдық және жеке басты қорғау құралдарымен, арнайы киіммен, тұрмыстық бөлмелермен қамтамасыз ету және олардың қолданылуы;
- әкімшіліктік жұмысшылардың еңбек, тұрмыс, демалыс жағдайларын жақсарту, кәсіппен байланысты болатын аурушаңдықтың алдын алу бойынша шараларды өңдеуі және жүргізуі;

- қолайсыз өндірістік факторлардың қарқындылығын болдырмау, төмендету және жою бойынша сауықтыру шараларының, Мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының жеке ескертулерінің орындалу тиімділігі;
- алдын ала медициналық тексерулердің ұйымдастырылуына және жүргізілуіне, тексеру нәтижелері бойынша шаралардың орындалуына бақылау жасауды;
- алдын-ала және кезеңдік медициналық тексерулерге, флюорографиялық зерттеулерге және т.б. жататын контингенттерді анықтауға, медтексеру жоспарларын жасауға қатысады;

- төтенше жағдайлар, тексерілмеген токсикогигиеналық қасиеті бар заттарды және т.с.с. қолдану әсерінен туындаған қолайсыз еңбек жағдайларымен байланысты бірінші кезекті қосымша, арнайы тексерулер жүргізілетін контингенттерді анықтау;
- жұмысшыларды еңбекке орналастыру дұрыстығы (ЕПМ қорытындысы бойынша);
- профилактикалық тамақтану, емдік алдын-алу және сауықтыру шараларының (мысалы, діріл аспабымен жұмыс істеуде, көру мүшесіне күш түсуімен жүретін жұмыстарда және т.б.) ұйымдастырылуының дұрыстығы;
- медициналық тексерулерді жүргізуді ұйымдастыру және олардың нәтижелері бойынша қорытынды комиссияларға қатысу.

**Тексеру актісінде (анықтамада, есепте) келесі мәліметтер болуы керек:**

- ✓ нысанды тексерген күні, кәсіпорынды тексеруге қатысқан барлық адамдардың аты жөні, лауазымы, тексеру мақсаты;
- ✓ констатациялық бөлімінде нормативтік құжат (НҚ) бойынша анықталған бұзылыстары, НҚ-ты тексеру мақсаты немесе тақырыбына тәуелсіз, еңбек гигиенасы бөлімі бойынша талаптар тармағын көрсете отырып беріледі, сонымен бірге бұрын берілген ескертулердің орындалғаны жөнінде мәліметтер (ескерту құжатын, оның нөмірін, күнін көрсете отырып) беріледі;

- ✓ ескертулер мен ұсыныстар кәсіпорын басшысының атына беріледі, анықталған келеңсіздіктерге, НҚ талаптарының бұзылыстарына сәйкес келуі тиіс, нақты орындау мерзімдері көрсетілуі тиіс.
- ✓ Констатациялық бөлімге тексерудің барлық қатысушылары, ескертуге – МСЭҚБ маманы қол қояды. Ескертуді кәсіпорын басшысына хат түрінде немесе МСЭҚБ бас дәрігерінің (МСЭҚБ бастығы) немесе оның орынбасарының қол қоюымен басқа құжат түрінде толтыруға болады.

Санитарлық заңдылықтардың, НҚ талаптарының қатаң келеңсіздіктері анықталған жағдайда, жұмысшылардың денсаулығына қатер туғызатын еңбек жағдайында жұмыс істеген кезде, санитарлық қадағалау органдарының ескертулерін жүйелі түрде орындамаған жағдайларда санэпидқызмет мамандары бекітілген құжаттар бойынша қалыптастырылған тәртіппен нақты кінәлі адамдарға әкімшіліктік әсер ету шараларын қолдануға міндетті. Кәсіпорын басшысының тексеру нәтижелерімен келіспеген және тексеру актісіне (анықтамасына, есебіне) қол қоюдан бас тартқан жағдайында, ол туралы МСЭҚБ маманының сәйкес қол жазбасы түсіріледі.